В этой связи, и в целях реализации Указа Президента Республики Казахстан от 18 июня 2009 года № 827 «О Системе государственного планирования в Республике Казахстан» разработан Стратегический план Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2009 года № 2340. В текущем году Указом Президента Республики Казахстан от 19 марта 2010 года № 958 утверждена Государственная программа по форсированному индустриально-инновационному развитию на 2010-2014 годы (далее – ГПФИИР), в которую введен раздел «Туристская отрасль». В соответствии с ГПФИИР и Стратегическим планом развития Республики Казахстан от 1 февраля 2010 года № 922 разработан проект Программы развития перспективных направлений туристской индустрии Республики Казахстан на 2010-

2014 годы. 27 августа т.г. проект Отраслевой программы рассмотрен на заседании Государственной комиссии по вопросам модернизации экономики Республики Казахстан под представительством Премьер-министра Республики Казахстан К. Масимова и принято решение о внесении данного документа на согласование в Правительство Республики Казахстан [2, с. 34].

В успешной реализации данных программ мы рассчитываем на заинтересованное участие, как государственных структур, местных исполнительных органов, так и широкого представительства всей туристской общественности страны.

Вторая не менее важная проблема – формирование евразийской культуры личности средствами активных видов туризма. В послании Главы государства Н. А. Назарбаева – народу Казахстана «Новое десятилетие – новый экономический подъём – новые возможности Казахстана» были определены основные приоритеты социально-экономической политики на ближайшее десятилетие в сфере туризма и спорта: «Министерству туризма и спорта совместно с акимами необходимо определить совместные мероприятия для развития спорта в стране и воплотить их в реальные дела...».

В успешной реализации этого требования первостепенную роль могут сыграть активные виды туризма, как наиболее доступные для всех категорий населения.

В «Отчетах по человеческому развитию», составляемых по Программе развития ООН, отмечается, что здоровье и продолжительность жизни человека на 51,2 % зависят от поддержания здорового образа жизни, на 20,4 % – от биологических данных, в том числе от наследственности, на 19,9 % – от состояния окружающей среды и на 8,5 % – от уровня развития здравоохранения. Несомненно, в этом большом вопросе, огромное значение отводится решению экологических проблем, качеству питьевой воды и другим субъективным факторам, но основные резервы скрыты в необходимости формирования здорового образа жизни, каждым гражданином нашей страны [3, с. 45].

Финансирование мероприятий по формированию здорового образа жизни, развитию массового спорта и туризма, далеки от международных показателей. В республиканском бюджете они не превышают 87 миллионов тенге, тогда как минимальная потребность на организацию этой работы в стране должна составлять 600-650 миллионов.

Для государства значительно выгодней предусмотреть финансирование на предупреждение и профилактику заболеваний

средствами туризма, физической культуры и спорта, чем тратить 70-80 % бюджета здравоохранения на лечение болезней, вызванных ведением нездорового образа жизни. Согласно статистическим данным, в настоящее время 95 % детей школьного возраста имеют различные заболевания, в том числе хронические, у 42 % детей наблюдаются различные «школьные» неврозы. Многочисленные опросы школьников и студентов, свидетельствуют о том, что подавляющее большинство молодых людей (92 %) не только не владеют достоверной информацией об оздоровительном потенциале активных видов туризма, но даже не задумывались об этой проблеме, и не знали о приоритетном потенциале человеческого организма.

Что же представляет из себя – спортивно-оздоровительная функция туризма? Спортивно-оздоровительная функция туризма подразумевает – комплекс эффективных инструментов и механизмов активных и оздоровительных видов туризма, их благоприятного воздействия на организм человека за счёт физической активности. По мнению специалистов, спортивно-оздоровительная функция туризма заключается:

– в благотворном воздействии на человека окружающей среды, её природных и бальнеологических ресурсов (при занятиях активными видами туризма);

Сегодня ни для кого не секрет, – в эффективном феномене сохранения здоровья и активного физического долголетия.

Что состояние здоровья мужчин напрямую зависит от уровня образования и общей культуры страны. Согласно результатам исследований, сегодня, именно более образованные и продвинутые молодые люди стараются заботиться о своем здоровье. К этому из подталкивает и конкуренция на рынке труда – надо быть здоровым, иначе не сможешь получить хорошую работу. Сегодня как никогда, следует приучать молодёжь к здоровому образу жизни и активировать её на оптимальные условия самореализации.

Построение «Туристского просвещения», воспитание туристской культуры у молодых людей и подростков в учебных заведениях следует начинать с самого раннего возраста.

Человечество располагает разнообразными спортивными программами, но лишь туризм обладает всеми необходимыми компонентами для здоровья: а) общение с природой, смена обстановки, психологическая разгрузка; б) туризм прост в организации, доступен людям любого возраста; в) туризм является естественным и сильным видом спорта, нагрузки в нем хорошо

дозироваться, он относится к тренируемым видам; г) развивает коллективизм, дисциплинированность, упорство, настойчивость; д) туризм – это жизненная потребность, которую цивилизованное человечество осознало в последние 25-40 лет.

Длительное общение с природой, активное передвижение, радость неформального дружеского общения, возможность прекрасно отдохнуть, получить отличный заряд бодрости и закалки делают туристские походы лучшим видом отдыха и физической реабилитации организма. Туристы отмечают необыкновенную лёгкость и прилив сил после, казалось бы, утомительного похода [4, с. 17].

Исследования российских учёных, наглядно раскрывают профилактическую ценность различных видов туризма и активного отдыха в укреплении организма...

В программе развития туристской отрасли определено, что «детско-юношеский туризм – основополагающий фактор развития внутреннего туризма и воспитания туристской культуры» и отмечено, что занятие различными видами туризма в детских лет позволит обрести навыки туристской техники, физической закалки, способность воспринимать идеологию занятий активными видами туризма, как общегосударственную идею и социальную ответственность за состояние своего здоровья перед обществом.

Важное значение следует уделять проведению традиционных, массовых туристских мероприятий, таких как: Или-Балхашская регата в Алматинской области, казахстанско-российской, туристско-экологической экспедиции по реке Урал в Западно-Казахстанской области, международного туристского фестиваля «Иртышский меридиан» в Павлодарской области и Республиканскому походу «Туризм – против наркотиков» в Акмолинской областях.

В целях дальнейшего совершенствования и развития внутреннего и самодеятельного спортивного туризма в Казахстане, приобщения молодёжи к путешествиям, обучения основам туризма, пропаганды здорового образа жизни, привлечения населения страны к занятиям спортивным туризмом учреждён значок «Қазақстан саяхатшысы».

К сдаче требований и норм на значок «Қазақстан саяхатшысы» допускаются лица, достигшие 10-летнего возраста. Значком «Қазақстан саяхатшысы» награждаются туристы, участвующие в течение года в четырех или нескольких походах.

В настоящее время трудно переоценить значение туризма в патриотическом, физическом, культурном и экологическом воспитании школьников. В целях развития массового туризма

среди молодёжи, 27 января 2009 года Правительством Республики Казахстан принято Постановление № 61 «О некоторых вопросах организации республиканской туристской экспедиции (туристского похода) «Моя Родина – Казахстан». В соответствии с решением Правительства РК – акимами областей, городов Астаны и Алматы, решениями акимов, были сформированы районные и областные организационные комитеты, утверждены планы мероприятий по организации и проведению экспедиции, разработаны туристские маршруты. В 2009 году впервые во всех регионах страны были проведены районные и областные этапы республиканской туристской экспедиции по трем номинациям: спортивно-оздоровительный, экологический и культурно-познавательный туризм. Количество участников на районном и областном этапах экспедиции составило 60 тысяч человек. В августе 2009 года на базе оздоровительного комплекса «Сункар» в Зерендинском районе Акмолинской области проедет первый Республиканский слёт победителей туристской экспедиции «Моя Родина – Казахстан».

Проведение туристской экспедиции «Моя Родина – Казахстан», выполнение нормативов и требований значка «Қазақстан саяхатшысы» – это важный фактор воспитания у молодёжи основ гражданственности, патриотизма и любви к Родине, туристкой культуры и бережного отношения к окружающей среде, закрепления навыков туристской техники и занятий активными видами туризма.

Резюмируя сказанное, считаем необходимым – уполномоченным органам в сфере туризма совместно с органами образования:

- обеспечить проведение республиканской туристской экспедиции «Моя Родина – Казахстан» на всех её этапах в общеобразовательных школах, средних специальных учебных заведениях, 1-2 курсов вузов;

- внедрить в учебные программы академических и внеклассных занятий общеобразовательных школ, обучение основам туристской техники, выполнение нормативов и требований значка «Қазақстан саяхатшысы» развития массового туризма среди учащейся молодёжи [5, с. 89].

Целесообразно на примере областного центра детско-юношеского туризма Западно-Казастанской области создать центры молодёжного туризма в каждом районе республики.

Восстановить детско-юношеские туристские станции во всех областях центра и крупных городах страны, а также создать республиканский центр детско-юношеского туризма в г. Астане.

Открыть в республике пять (по одной для центральных, северных, южных, западных и восточных регионов страны) детско-юношеские спортивные школы (ДЮСШ) с туристской и альпинистской специализацией.

Уверена, что предприятные меры – позволят использовать активные виды спортивно-оздоровительного туризма в успешном решении задач определённых Главой государства и Правительством по развитию массового туризма и спорта в стране, а также в формировании евразийской культуры личности.

ЛИТЕРАТУРА

1 Е. Никитинский «Правовые основы туристской деятельности в Казахстане» // «Казахстанское туристское право», сборник нормативных и правовых актов в сфере туризма (современное туристское образование), – Астана, 2009. – 253-254 сс.

2 Вуколов, В. Н. – История и теория международного туризма. – Алматы, 2002.

3 Е. Никитинский «XVIII Генеральная Ассамблея Всемирной туристской организации Объединённых Наций – главное событие мирового туризма» // Научно-методический журнал «Сокпак-Тропинка». – 2009, № 6 (23), – 4-7 сс.

4 Пыхарев, А. Н. и др. Организационно-правовые основы туристской деятельности в Республике Казахстан. – Алматы, 2003. – С. 16-17.

5 Е. Никитинский. «О реализации государственной политики в сфере туризма по вхождению Казахстана в число наиболее конкурентоспособных стран мира» // Научный журнал Вестник университета «Туран». – 2006, № 3-4 (32), – 123-131 сс.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМНІҢ ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ФАКТОРЛАР

БАЙМАГАНБЕТОВА К. Т.

аға оқытушы, Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.

Туризм тек қана өзінің сарқылмас потенциалымен әлемге танылмай, сонымен қатар мемлекеттер мен елдердің арасында өзінің нақты заңдарын анықтады, сол сияқты бүкіләлемдік туристік жүйелерді байланыстырды.

Халықаралық туризмнің дамуына әсер ететін факторларды зерттеумен көптеген отандық және шетелдік зерттеушілер айналысуда. Осындай факторлардың алғашқы түсінігін 1970 ж. А. П. Дубнов жасады. Ол факторлардың негізгі екі түрін бөліп қарастырды: бірінші – оларға табиғат жағдайлары, тұрғындардың мәдени өмірі және сол жердегі өмір сүрудің тарихи жағдайларын жатқызса, екінші фактор адамды рекреациялық әрекеттерге ынталандырса, ал қалғандары аймақтық туристік рыноктың шекараларын анықтайды. Мұндай топтастыру туристік сұрақтарды қарастырғанда пайдалы, ол оның аймақтық ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Ал, зерттеуші П. Мариотт 1971 жылы барлық факторларды селективті, локальды және іске асырушы деп бөлді. Селективті факторларға – шаруашылық, қоныстану, әлеуметтік және саяси факторлар; локальды факторларға – табиғи және мәдени-тарихи факторлар, ал іске асырушы факторлар тобына коммуникациялық және материалдық-техникалық факторларды жатқызды.

М. А. Ананьев туризмнің даму факторларын ішкі және сыртқы деп бөлуді ұсынды. Ішкі факторларға табиғи географиялық, әлеуметтік-экономикалық факторларды, демографиялық факторларды жатқызды. Сыртқы факторларды бір ел мен екінші ел арасындағы күрделеніп отыратын халықаралық қатынастар типі ретінде қарастырса, Н. С. Мироненко және И. Т. Твердохлебов туризмнің дамуы көптеген объективті және субъективті факторлар тобы әсерінен болады деп санайды. Қазіргі халықаралық туризмнің тез дамуын, ең алдымен, объективті факторлармен байланыстырады. Оларға әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, ғылыми техникалық, медициналық-биологиялық факторлар жатады. Сонымен қатар субъективтік факторлар тобы да бар, оларға мысал ретінде ұлттық дәстүрлерді, сән, жарнамалық белсенділікті және т.б. жатқызуға болады.

Халықаралық туризмнің дамуына әсер ететін факторларды жіктеудің алуан түрлі әдістемесі бар. Сонымен қатар әрбір фактор өзінше жеткілікті емес, барлық факторлар өзара байланысты. Бір фактордың өзі туризмнің дамуына жағымды да, жағымсыз да әсер етуі мүмкін [1, с. 18].

Халықаралық туризм дамуының қазіргі бағыт-бағдарының негізгі факторлар тобына:

- әлеуметтік-экономикалық;
- географиялық орын факторлары;
- табиғи-рекреациялық;

- тарихи-мәдени;
- медициналық-санитарлық;
- саяси;
- экологиялық жатады.

Бұл көрсетілген факторлар тобы құбылыстарының халықаралық туризмдегі әрекеттілігімен және алуантүрлілігімен сипатталады.

Халықаралық туризм дамуындағы түрлі факторлардың орны уақыт өткен сайын ауысып отырады. Дегенмен, кеңістікте таралған көптеген құрамдас бөліктерін біріктіре отырып, оның дамуын анықтауға мүмкіндік беретін түрлі кезеңдегі факторлардың ретроспективалық саралау әлі күнге дейін жасалған жоқ.

Әр түрлі кезеңде халықаралық туризмнің дамуын анықтайтын табиғи-рекреациялық және тарихи-мәдени факторлар болды. 1950 жж. халықаралық туризмнің қалыптасуы мен оның дамуында орташа кластағы өсімдер, кірістер, халықтың өмір сүру деңгейі және сапасы, жұмыс аптасының қысқаруы және еңбек демалыстарының ұзаруымен байланысты болып келетін әлеуметтік-экономикалық фактордың рөлі жоғарылады. Қазіргі кезеңде халықаралық туризм дамуындағы факторлар саяси, медициналық-санитарлық, эпидемиологиялық және санитарлық-гигиеналық тұрғыдан алғанда, адамды қоршаған орта жағдайын сипаттайтын факторлармен толығып келеді.

Болашақта туристік қызметтегі инновациялық технологиялардың кең таралуымен байланысты халықаралық туризм дамуының жаңа факторлары пайда болуы мүмкін.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, халықаралық туризмнің дамуына елеулі ықпал жасайтын әлеуметтік-экономикалық факторлар тобы, оларды өз кезегінде үш топқа бөлуге болады: экономикалық, демографиялық және инфрақұрылымдық факторлар.

Экономикалық факторлар – халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасы оның туристік белсенділігін анықтайды. Нағыз кірістің өсуі мен бос уақыттың көбеюі туристік әрекеттің жиілігі мен белсенділігінің жоғарылау көрсеткіші болып табылады. Материалдық игіліктер деңгейінің көтерілуіне байланысты туризмдегі қызмет пен тауарға деген сұраныс та жоғарылап келеді. Дамыған елдерде бос уақытты ұйымдастыру мен туризмге кететін шығын үлесі бірдей өсіп келеді. Туристік белсенділік саяхатшылардың тұрақты мекен-жайларындағы жеке тұтыну деңгейіне байланысты.

Соңғы жылдары нақты кірістің өсуі дамыған елдерде еңбек демалысының үздіксіз өсуіне алып келді. Ал еңбек демалысының

ұзаруы мен қысқа еңбек кестесінің енгізілуі туристік сапарлардың санының жоғарылауынан көрініс тапты. Осыған байланысты мезгілсіз кезеңдегі туристік белсенділікпен түрлі мақсаттағы саяхаттарды тұтыну да қарқын алып келеді.

XX ғ. соңында саяхаттар бағасының өсуі, ғылыми-техникалық жетістіктерді, бәсекелестік қысымды пайдалану нәтижесінде бәсең жүрді. Қазіргі кезеңде туризм дамудың жаңа факторлары пайда болуда. Оған валюта факторын жатқызуға болады. Шетелге сапарлардың салыстырмалы құнының өсуі шетелдік саяхаттарға деген сұраныстың төмендеуіне алып келді. Сондықтан негізгі валюта курстарының өзгеруі күшті және әлсіз валюталы елдер арасындағы туристік ағындарға күшті ықпал жасайды.

Қазіргі әлемнің тағы бір маңызды кезеңі – кең қолданысты несиелік карточкаларының, жол чектерінің кең таралуы. Олар туристерге барлық қызметтер ақысын валюта түрлеріне тәуелсіз төлеуге мүмкіндік береді.

Демографиялық факторлар – сандық өзгерістерді, аумақтық орналасуды, халықтың жас құрылымын, отбасының мөлшері мен құрамын, урбандалу деңгейін және басқаларын біріктіреді. Халықтың тез өсуі туристік рынокты тұтынушылар санының көбеюіне алып келді. Бұл бағыт қоғамның әлеуетін және халықтың сатып алу мүмкіндігін есепке ала отырып анықтауды талап етеді. Демографиялық жарылыста дамушы елдердің үстемдігі байқалады, оларда халықтық демалыс пен туризмнің дамуындағы негізгі кедергі өмір сүрудің төменгі деңгейі болып табылады. Бұл кезде туристер санының көбеюімен қамтамасыз ететін дамыған елдерде туудың төмендеуіне байланысты халық өсімінің бәсеңдеуі байқалады.

Туризмнің және туристік сұраныстың дамуына халықтың жас құрылымы да әсер етеді. Туристік тауарлар мен қызметтерді негізгі тұтынушылар жеткілікті қаржылық қор мен бос уақытты иемденетін 30-дан 50 жасқа дейінгі адамдар болып табылады. Өсімнің жоғары ырғағымен 50 жастағы адамдардың туристік рыногы ерекшеленеді, олар көп жағдайда туризмді ұйымдастырудың аумақтық және құрылымдық алуан түрлілігін анықтайды.

Инфрақұрылымдық факторлар – материалды-техникалық және технологиялық деп жіктеуге болады. Халықаралық туризмнің тиімді әрі қарқынды дамуы үшін елдің экономикалық даму деңгейі жеткілікті дәрежеде жоғары болуы, туризмнің материалды-техникалық базасымен қамтамасыз етілуі талап етіледі, бұл елдің халықаралық туристік еңбек бөлінісіне қатысу мүмкіндігін

анықтайды. Әр ел туристік атануы үшін қонақтарға жеткілікті дәрежеде қызмет түрлерін ұсынуы қажет. Оларға орналастыру, тамақтану, тасымалдау, сондай-ақ мәдени, спорттық және ойын-сауық іс-шаралары, т.б. жатады. Олардың сапасы халықаралық стандарттарға жауап беруі керек [2, с. 35].

Халықаралық туризмнің дамуына туристердің тұтынуына шартталған, сән үлгілерінің ықпалына, сондай-ақ туристік фирманың жарнамалық белсенділігіне байланысты және т.б. факторлар да елеулі әсер етеді.

Географиялық орын факторлары мыналарды біріктіреді:

- туристік сұраныс алшақтығын және қозғалыс жылдамдығын бейнелейтін көліктік-географиялық орынды;
- басты туристік рынок қарым-қатынастарынан туындайтын экономикалық-географиялық орынды;
- табиғи-рекреациялық ресурстардың сипатын анықтайтын физикалық-географиялық орынды;
- белгілі бір ауданның халықаралық қауіпті аймақтарға жақындығынан туындайтын геосаяси орынды.

Географиялық орын тиімділігі көбіне көліктік-географиялық орын арқылы анықталады, оның бір сипаты – қашықтық болып табылады. Ол, әдетте, шақырыммен анықталады, бірақ экономикалық саралау тұрғысынан қашықтық оған кеткен уақыт пен ақша шығыны негізінде есептеледі. Елдер арасындағы көліктік қоғамдастықтың жеделдеуі және арзандауы нәтижесінде саяхатқа кеткен уақыт пен ақша шығынының мөлшеріне қатысты өзгерістер туристік ағындар географиясында, туризм қарқыны мен көлемінде тікелей бейнеленіп отырады. Мысалы, 1980 жылдардың басындағы трансатланттық ұшуларға тарифтердің төмендеуі континентаралық туристік алмасудың кеңею салдары болып табылады. Әуе көлігінің дамуына байланысты Америка мен Еуропаның ірі туристік орталықтарына (Нью-Йорк және Майами, Лондон және Париж) шетелдіктердің келуі көбейгені байқалды.

Көп жағдайда табиғи-рекреациялық ресурстар елдің туристік мамандануын анықтайды. Туристер саяхатқа шығарда ландшафт және климат ерекшеліктерін, алуан түрлілікті, экзотика мен табиғи-рекреациялық ресурстардың ғажаптығын, сондай-ақ спортпен айналысу үшін табиғи ресурстар жағдайын, аң, балық аулауды және т.б. есепке алады. Бұл сипаттамалар белгілі бір дәрежеде халықаралық туристік ағындар географиясын анықтайды. Мысалы, Жерорта теңізі курорттарындағы шуақты климат пен керемет

теңіздік жағажайлар әлемнің көптеген елдерінен жүздеген туристік ағындарды туғызады.

Сондай-ақ табиғи-климаттық жағдайлар да туристік ағындардың маусымдылығын қалыптастыратын себептердің бірі болып табылады. Негізгі климаттық ерекшелік – дүние жүзінің көптеген аймақтарында саяхат, емделу және спортпен айналысу үшін ауа-райының жағдайы айлар бойынша біркелкі емес. Сондықтан адамдар еңбек демалысын көбіне жылдың ауа-райы жайлы мезгілінде алуға тырысады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Еуропадағы туристік саяхаттардың жартысына жуығы екі жаз айына (шілде, тамыз) сәйкес келеді. Теңіздер, таулардағы және ормандардағы демалыста туристік кезеңнің тиімді параметрлерін тек климат анықтайды. Ал туризмнің басқа түрлері үшін климат саяхаттар мен рекреациялық ресурстарды пайдаланудың бірқалыптылығын қадағалайтын реттеуші рөлін атқарады.

Сол сияқты тарихи-мәдени факторлар халықаралық туризмнің дамуына ықпал жасайтын факторлардың бірі болып табылады. Мәдени және тарихи нысандарды тамашалау туристер саяхаты үшін бірінші дәрежелі себеп болып табылады. Факторлардың бұл тобына тарихи даму барысында адам қоғамымен жасалған барлық материалдық және рухани игіліктер, ұлттық дәстүрлер, қонақжайлық, халықтық шығармашылық ерекшеліктері, діни дәстүрлер, сәулет (тарихи ескерткіштер, қамалдар) және өндірістік (ірі өнеркәсіп кешендері, порттар, жәрмеңкелер, көрмелер және т.б.) нысандар жатады. Мәдени және тарихи ресурстар ұлттық қазына болып табылады. Алайда олардың ерекше мәнді бөлігі әлемдік деңгейдегі ескерткіштер мен нысандар есебінде дүниежүзінің мәдени мұралары тізіміне қосылған. Бұл тізімді ЮНЕСКО құрып және ұдайы жаңартып отырады. Еуропа Дүниежүзілік мәдени мұра нысандар саны жөнінен жетекші ел саналады: Италия (36), Франция (27), Германия (27). Екінші орында барлық тарихи кезеңдердегі ескерткіштерімен – Азия елдері. Одан әрі әлемнің қалған аймақтары жалғасады [3, с. 7].

Сонымен қатар, жергілікті халықтың қонақжайлығы да ерекше қызығушылық туғызады. Аймақта туризмнің дамуы үшін туристерге жергілікті тұрғындар тарапынан барынша оң қарым-қатынас жасалуы керек. Өзге мәдениетті тасымалдаушы туристер ірі туристік орталықтар тұрғындарына ықпал көрсетуге қабілетті болып келеді. Бұл әрекеттердің деңгейі келгендер мен жергілікті халықтың сандық арақатынасымен, туристік кезеңнің ұзақтығымен, өмір сүру

салтының әр түрлілігімен, нәсілдік және діни айырмашылықтардың болуымен анықталады.

Туристік қызметті ұйымдастырған кезде оның дамуын анықтайтын факторлардың алуан түрлілігін ескеру қажет. Әр ел осы факторларды талдау негізінде өзінің туризмді дамыту стратегиясын жасауы керек сонда ғана әрбір ел ерекше қайталанбайтын факторлар үйлесіміне ие болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ердавлетов С. Р. География туризма. История, теория, методы, практика. – Алматы, 2008.

2 Вуколов В. Н. История и теория международного туризма. – Алматы, 2002.

3 Ердавлетов С. Р. История туризма. Развитие и научное изучение. – Алматы, 2003.

КЕЙТЕРИНГ МЕЙРАМХАНА ҚЫЗМЕТІНІҢ БІР ФОРМАСЫ РЕТІНДЕ

БОЖУКОВА А. Е., МЫРЗАТАЕВА М. К.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ЕРУБАЕВА Л. Ж.
аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Кейтеринг – catering сөзі ағылшын тілінен аударғанда «тағамды жеткізу» деген мағына береді, компания қызметкерлері мен жеке тұлғаларға мекеме ішінде немесе шығып қызмет көрсететін барлық кәсіпорындар мен қызмет орындарын қамтитын қашықтықта орналасқан орындарда тамақтануды ұйымдастыру қызметтерін көрсететін, сонымен қатар әр түрлі мақсаттағы шараларда қызмет көрсететін және дайын кулинарлық өнімдерді сататын қоғамдық тамақтану сферасының секторы. Тәжірибеде кейтеринг ұғымы тамақты дайындау және тапсырыс орнына жеткізу ғана емес, сонымен қатар қызмет көрсету, тамақ ішетін үстелді жабдықтау, әр-түрлі мақсатта болатын шаралар орнын дайындау деген мағына береді [1, с. 5].

Кейтерингтің негізгі үш түрін бөліп көрсетуге болады: тағамды дайындау және шығып қызмет көрсету, мекемеден тыс тағамды дайындап, шығып қызмет көрсету және тұтынуға дайын тағамдарды тапсырыс орнына жеткізу келісім шартын жасасу (1-сурет).



Сурет 1 – Кейтеринг қызметінің негізгі үш түрі

Қызмет көрсету түріне байланысты кейтерингтің келесі түрлері белгілі:

– тайм-кейтеринг (оқиғалы кейтеринг) – мерекелік шараларда қызмет көрсету (ивента): корпоративті кештер, салтанатты отырыстар, көрмелер, дилерлік конференциялар. Берілген кейтеринг түрі бағытталған оқиғаға байланысты бір рет қана қызмет көрсету түрі болып саналады;

– плейс-кейтеринг (келісім шартты кейтеринг) – тұтынушының алшақ орналасқан жеріне қызмет көрсету: корпоративтік клиенттің кеңсесіне түскі астарды жеткізу. Берілген кейтеринг түрі – келісім шарт бойынша тұрақты жұмысты ұсынады;

– транспорттық кейтеринг – транспортты тұтынушылар үшін және компания қызметкерлерінің үнемі тасмалдауды ұйымдастыруында тамақтануды авациялық, теміржол, теңіз, авто транспорттарда ұйымдастыру. Бұл кейтеринг түрі жол жөнекей және транспорт аттанарға дейін азық-түлікпен қамтамасыз ету және жабдықтау;

– аспаздық кейтеринг (cooking) – шығып қызмет көрсету үшін өндіру және сату немесе жоспарлы кулинарлы өнімді өндіретін тұтынушыға жеткізу. Жеткізу жолдары кейтерингті компанияның күшімен немесе жеке транспорттық экспедициялық компания арқылы жүзеге асырылады;

Қызметті тұтыну статусы бойынша кейтеринг түрлері [2, с. 60]:

– VIP-кейтеринг – жоғарғы-класстық қызметті және жоғары деңгейдегі жоғары сатыдағы асүйді талап ететін жоғары деңгейдегі қызмет көрсету. Көп жағдайларда VIP-кейтеринг – қазіргі жаңа кейтеринг-технологияларды қолдану арқылы мейрамханалық шығу қызметі болып табылады;

– масс-кейтеринг – стандартталған тәсілдеме және жоспарлы азық өндірісін массалық шараларда немесе тұтынушылардың үлкен топтарына қолдану.

Тағамды өндіру орны бойынша кейтеринг түрлері:

– on-premise catering – негізгі өндірістік қуаттарды пайдаланып, тамақты өндірісте дайындауды және отельдерге, конгресс-орталықтарға, конференц залдарға және клубтарға шығып қызмет көрсетуді талап етеді;

– off-premise catering – тамақты өндіру және тапсырыс берушінің территориясында немесе ашық далада яғни табиғатта мобильді технологиялады қолданып қызмет көрсету.

Тұтынушылар түріне байланысты кейтеринг классификациясы:

– кеңселік кейтеринг (office catering) – компания қызметкерлеріне тамақтануды ұйымдастыру;

– b&b кейтеринг (bed & breakfast catering) – кішігірім қонақ үйлермен мотельдердегі кейтеринг;

– бар-кейтеринг (bar & buffet catering) – фуршеттерді, «швед столдарын», және буфеттерді ұйымдастыру;

– отельдік кейтеринг (hotel catering) – қонақ үйдің үнемі қонақтарына тамақтануды ұйымдастыру;

– резидентал-кейтеринг (residential catering) – жеке меншік тұтынушыларға тамақтану қызметтерін ұйымдастыру;

– құрылыс аландарындағы кейтеринг (building site catering) – құрылыс жұмысшыларын тамақпен қамтамасыз ету, тағамды құрылыс объектілеріне жеткізу;

– әлеуметтік кейтеринг – коммерциялық емес ұйымдарға тамақтануды ұйымдастыру бойынша қызметтер: баспаналардағы, ауруханалардағы сонымен қатар әскери адамдарды және басқа құрылымдардағы қызметкелерді тамақтандыру;

– эвент-кейтеринг (event catering) – арнайы оқиғалық – эвентов (тайм-кейтеринг);

– транспорттық кейтеринг және т.б.

Соңғы тиімділіктер арасында Қазақстан Республикасында мейрамхана ісінің дамуында төмендегідей ерекшеліктер бар [3, с. 7]:

– демографиялық (яғни, 35-54 жастағы адамдар – жоғары топ, жоғары табысты алушылар);

– брендинг. Франчайзингтік мәмілені істеу мақсатында, ресторан басқарушылар брендингті қолданады;

– сатудың альтернативтік нүктелері. Сату нүктелер жағынан бәсекелестік ұлғайды, яғни, «үйде сияқты» тағамдарды әзірлеу әдістері көбейді;

– жаһандану. Бизнестегі трансұлттықтың дамуының жалғасы болып табылады. Ресторан алып жатқан нарықтың анықталған секторын есептеуін ескере отырып, өткізу көлемін болжау, ресторандық қызмет көрсету сияқты кез-келген зерттеудің мақсаты болып табылады.

Мейрамханалық қызмет көрсету ісін нарықта болжау өте қиын, өйткені ғимараттардың көптеген классификациясын ескеру керек. Халықтың сандық қажеттілігін анықтайтын фактордың бірі – сатып алу мүмкіндіктері. Бірақ қазақстандағы ресторан ісі туралы айтсақ, келесі даму факторларын айтуға болады [4, с. 88]:

- бәсекелестік динамикасы;
- модадағы даму үрдістері;
- клиенттердің қажеттілік қозғамдамасы;
- маусымдық;
- қонақжайлылық және туризмнің дамуы;
- мемлекеттік және аймақтық абыздар сияқты зындышығармашылық қызметтер;
- қозғалмалы мүліктің нарықтағы дамуы.

Фуршеттер, банкеттер, корпоративтік іс-шаралар, ресми емес іскерлік кездесулер, VIP-кештер, үйлену салтанаттарын және басқа да мерекелерді өткізу үшін көшпелі мейрамханалық қызмет көрсету аса әйгілікке қол жеткізіп жатыр. Себебі нақты кейтерингтік компаниялардың таңдаулы тамақтануынан басқа әртүрлі іс-шараларды тақырыптық өткізу бойынша қызмет көрсетеді. Кейтерингтік қызмет көрсету – мейрамханалық бизнестің дамуындағы бастамалық бағыттардың бірі. Кейтерингті ұйымдастыру – болатын іс-шаралардың жалпы концепциясын ойластыратын, қиын да көпсатылы үдеріс.

Қазақстандағы корпоративтік тамақтану нарығы едәуір болашағы бар, себебі барлық қазіргі компаниялар өз жұмысшыларын жұмыс уақытында ыстық толыққанды тамақпен қамтамасыз ету керек деп есептейді. Кейтерингтің Қазақстандық нарығындағы ұстанымы туралы мына фактіні келтіруге болады: қазіргі таңда Қазақстандық компаниялардың шамамен 30 % ғана аутсорсингке тамақтануды ұйымдастыру мәселесін ұсынады, ал АҚШ-та бұл көрсеткіш 97 % құрайды [5, с. 9].

Сондай-ақ кейтерингтің артықшылықтарын атап өтейік:

– ерекше жұмылдырылғыштығы. Сіз салтанатты кез келген таңдаған жерде: банкеттік залда, жайлы теплоходтың жоғарығы палубында, тенистік көк шалғында, тікұшақ алаңында, ескі дербес үйде, театр кіреберісінде және т.б. ұнатқан жерлерде өткізе аласыз. Ис-шараларды өткізу үшін таңдау орны абсолюттік еркіндігіне кепілдік берілген;

– қызметтің толымдылығы. Сіздің жағдайыңыз бен бюджет мүмкіндіктерін есепке ала отырып, жеке мәзір құрылады, меркенің ерекше сценарийі әзірленіп, бөменің интерьері ресімделінеді және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ардонская И. И. Ресторанный бизнес. Кейтеринг. – СПб. : ГУСиТ, 2005.

2 Белошапка М. И. Технология ресторанного обслуживания. – М. : Академия, 2006.

3 Григорьева А. Кейтеринговые факторы // Ресторанные ведомости. 2008. – № 4.

4 Лойко О. Т. Сервисная деятельность: учебное пособие для вузов. – М. : «Академия», 2008. – 304 с.

5 Пашнина О. Кейтеринг // Кейтеринг vs ресторан. 2008. – № 5.

АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

ЕРБОЛ И. Е.

п.ғ.м., аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
МУСРАЛИНОВА А. К., ШАЙПРАНОВА Д. Е.
студенттер, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқыту үрдісінде пайдалану жаңа оқу түрлерінің ойлау, шығармашылық әрекеттерінің пайда болуына әсер етеді. Нәтижесінде дәстүрлі оқыту түрі қайта жаңғырып еңбек сферасында адам әрекетнің жаңа түрлері таным мен коммуникация пайда болады. Ақпараттық және коммуникациялық технология оқыту құралдарын пайдалану жаңа оқу түрлерінің ойлау, шығармашылық әрекет адамның психологиялық үрдісін тарихи дамуы мен постиндустралды қоғамға өту жағдайына байланысты әрекеттің тарихи принципін жасау және дамыту ретінде пайда болуына әсер етті [1, 1 б.]. Білімді

игеру жалпылау жүйесін қарастырады, ол білім мазмұнының негізгі құрамы. Білімді қайта реформалаудың қиындығы, ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарын қазіргі дидактикалық жүйеге қосып білім саласында революция өз-өзінен жүреді десек қателескеніміз. Ақпараттық және коммуникациялық технологияны білім саласына енгізудің тарихи, психологиялық және философиялық аспектілер мәселесі нақты оқу үрдісінің теориялық концепциясына сүйенеді. Ақпараттық және коммуникациялық технология құралдарының табиғаты адамның психикалық құрылымының қалыптасуы мен дамуына әсер етіп, ойлау әрекетін қалыптастырады. Ақпараттық және коммуникациялық технология қалыптастырған оқыту ортасында ақпаратты интерпретациялау мен ұйымдастыру үрдісі негізгі болып табылады.

Білімді қарапайым түрде баяндау, бағдарлама тілін меңгеру, оны өзінің құра алуы ақпараттық және коммуникациялық технология мүмкіндігін жүзеге асыра алудың тек бастапқы қадамы. Шыныменде ең тиімді оқыту болып коммуникация құралдарын қолдана отырып студенттерде жаңаша ойлау дағдысын қалыптастыру. Сонымен бірге студенттердің ғылыми-танымның қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдаланудың негізінде студенттер қазіргі заманғы формальдау, модельдеу сияқты ғылыми таным әдістерін меңгереді. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар студент

Жалпы алғанда, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды білім беру саласында, әсіресе болашақ мамандарды құзырлылық парадигма деңгейінде дайындау және олардың бәсекелестік қабілеттерін дамытуда қолдану маңызды қажеттіліктердің бірі болып саналады. Осы қажеттіліктерге байланысты мынадай іс-әрекеттер орындалуы тиіс: 1) педагогикалық үдерісте ақпараттық және коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалана алатын кәсіби құзырлы педагог дайындау; 2) оқу орындарының ақпараттық және коммуникациялық технологиялар базаларын үнемі жаңартып отыру; 3) оқу-әдістемелік жұмыстарды білім берудің жаңа құндылық деңгейінде дамыту негізінде жүргізу. Қоғам өміріндегі қазіргі өзгерістер экономиканы, саясатты және әлеуметтік-мәдени саланы дамытудағы стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның ақпараттануы мен қарқынды дамуы жағдайында адамдардың жаңа әлеуметтік ролдерге ие болуы білім

беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертіп, білімнің қоғамды жаңартуға қосар үлесін арттырды. Еліміздің ертенгі болашақ ұрпағымызға сапалы білім берудің мақсаты – әр түрлі деңгейдегі жоспарланған жұмыстардың нәтижесіне жету. Жоғары деңгейде білім беру негізгі үш мақсатты көздейді [2, 75 б.].

Әлеуметтік мақсаты – бұл білім берудің ішкі, сондай-ақ сыртқы әлеуметтік және табиғи себептері мен психологиялық, психофизиологиялық қиыншылықтарды жеңуге көмек беру.

Классикалық мақсаты – мәдени өсу бағытында рефлексия қалыптастыру, өзіндік білім және жауапкершілікті жеке тұлғаны дамытуға жағдай жасау.

Нақты мақсаты – бұл қызметтік мақсат. Ол кәсіби білім мен өмірге пайдалы дағдылар мен біліктілікті қабылдау, белгілі кәсіптік пен әлеуметтік мақсатқа жету, өмірде өзінің лайықты орнын табуына және кез-келген салада білікті маман, менеджер, қызметкер болып қалыптасуына жағдай жасау.

Ақпараттық процесстерді қамтамасыз ететін қазіргі заманғы есептеу техникалары біртұтас күрделі жүйе болып табылады. Сол себепті, педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруда ақпараттық және коммуникациялық технологияны оқып-үйрену және оны қолдану күрделі процесс болып табылады. Оқыту үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияны қолдану оқытушы мен студент қарым-қатынасының бұрынғы қалыптасқан жүйесін, олардың іс-әрекеттерінің мазмұнын, құрылымын үлкен өзгеріске ұшыратады. Қалыпты білім беру жүйесінде оқытушы-студент-оқулық түрінде құрылған үш жақты байланыс бұзылып, оқытушы-студент-компьютер-оқулық жүйесі пайда болды. Мұндай жүйеде білім беру, оқыту процесінде компьютерді қолдану білім мен біліктілікке қоятын талаптарды қайта қарап, жетілдіріп, жүйелеуді талап етеді. Әрбір елдің технологиялық даму дәрежесіне оның экономикалық қуаты мен халқының тұрмыс деңгейі ғана емес, сол елдің әлемдік қоғамдықта алатын орны, басқа елдермен экономикалық және саяси ықпалдасу мүмкіндіктері, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешу де байланысты. Сонымен қатар, әлдебір елде қазіргі технологияның дамуы мен қолданылуының деңгейі оның материалдық базасының дамуымен ғана емес, негізінен қоғамды парасаттандыру деңгейімен, оның жаңа білімді туындату, игеру және қолдана білу қабілетімен де анықталады. Қазіргі заман оқытушысынан тек өз пәнінің терең білгірі болу емес, тарихи танымдық, педагогикалық-психологиялық

сауаттылық, саяси-экономикалық білімділік және ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Ол заман талабына сай білім беруде жаңалыққа жаны құмар, шығармашылықпен жұмыс істеп, оқу мен тәрбие ісіне еніп, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген жан болғанда ғана білігі мен білімі жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты саналады.

Еліміздің кепілі, болашақ тірегі жоғары оқу орындарының білім деңгейін көтеру және онда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейге көтеру, оқытушылардың, басшылардың, педагогикалық ұжымның жүйелі басшылыққа алған бағыты деп есептейміз. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде болашақ оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі-маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, ақпараттық және коммуникациялық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады.

Қазіргі кезеңде білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиеленудің соңғы әдіс-тәсілдерін, инновациялық педагогикалық технологияларды игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, педагогикалық жұмыста қалыптасқан бұрынғы ескі сүрлеуден арылуға тез арада арылуға қабілетті және нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог зерттеуші, ойшыл оқытушы болуын қажет етеді. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде оқытушылардың инновациялық іс-әрекеттің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі – маңызды мәселелердің бірі. Өйткені, жаңа педагогикалық технологияны меңгеруге оқытушыларды даярлау – олардың кәсіби білімін көтеруге дайындау аспектісінің бірі және педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыру үрдісіндегі іс-әрекеттің нәтижесі болып табылады. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағымы күшейген ХХІ ғасырда жан-жақты дамыған шығармашыл жеке тұлғаны қалыптастыру жоғары мектептің басты міндеті болып саналады. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдердің қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Қазіргі білім беру саласындағы басты міндет – әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің

тиімді жаңа әдістерін іздестірумен оларды жүзеге асыра алатын маман даярлау [3, 7 б.].

Білім беру орындарында оқу үрдісін бүгінгі күнге лайықтап өзгерту – заман талабы. Білім беру үрдісін ақпараттандыру жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылатуды көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан халқына Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жолдауы «Болашақты бірге бастаймыз». // Егемен Қазақстан. 29 қаңтар 2011. – С.1

2 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы; перспективы использования. – М.: Школа-Пресс, 1994.-205 б.

3 Монахов В.М. Концепция создания и внедрения новой информационной технологии обучения. Сборник научных трудов. Проектирование новых информационных технологий обучения. М., 1991. 4-30 б.

МИГРАЦИЯ ҮРДІСІНІҢ ҒЫЛЫМДАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ РОЛІ

ЕРУБАЕВА Л. Ж.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

АХМЕТОВА А. Ж.

студент, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Халық Миграциясы әлеуметтік өмірдің бірегей масштабты құбылысы ретінде көп ғылымдардың зерттеу объектісінің ажырамас бөлігі, алайда жеке ғылыми пән ретінде қарастырылуы даулы мәселе. Басты түсініктердің трактовкасын ашатын, миграциялық үрдістердің және оның қатысушыларының сипатын айқындайтын, халықтың көші қон болмысын және оның қоғам өміріндегі рөлін көрсететін нақты тәсіл болмағандықтан, миграцияға байланысты зерттеулер әлі де кешенді қарастыруды қажет етеді.

1989 жылы әлеуметтік экономикалық қатнастарды тереңінен түсіну үшін Дисенко, Ионцев және Хорев Миграция еңбегінде халықтың миграциялық қозғалысы жайлы оқытатын миграциология терминін енгізді. Алайда авторлар миграциологияны демографиялық

ғылымның мағызды бағыты ретінде ғана атап өтті. Шынымен де миграция жайлы бастапқы ақпаратты демография еңбектерінен аламыз [1, 22 б.].

Жоғары да айтылған ойға қарсы миграция демографияның құраушы бөлігі болып табылмайды дейтін ойлар да келтірілген. Әлем халқының санына миграциялық үрдістер әсер етпейді. Себебі бір елге шаққандағы эмигранттар саны басқа елге шаққандағы иммигранттар санымен бірдей.

Бұл сұрақтың шешімін тек демографиялық тұрғыдан ғана тұтас білім жүйесі арқылы қарастыру қажет. Егер миграциология жаңа түсіндірме алып жеке ғылыми пән ретінде қарастырылатын болса, көші қон тақырыбында жылдар бойы жазылған материалдарды және тәжірбиені жинақтап, жүйелеуге мүмкіндік туар еді. Қазіргі кезде миграцияны сипаттаудың тәсілдері басқа ғылымдар жетегінде ғана қарастырылса, миграциология жеке ғылым ретінде танылған жағдайда миграциялық зерттеулерді жан-жақты талдап, жетістіктер мен миграциологияның басқа ғылымдармен түйісу нүктесін ашуға болар еді.

Мысалы: А. И. Кузьмин миграцияны оқытуда басты жеті тәсілді көрсетеді – демографиялық, әлеуметтік, тарихи, психологиялық, философиялық, заңды және экономикалық. В. А. Ионцев өз кезегінде 17 тәсілді көрсетеді: жүйелік, географиялық, генетикалық, биологиялық, этнографиялық және т.б.

Миграция құбылысын зерттеудегі басты бағыттарды көрсету үшін А. И. Кузьмин классификациясын келтірейік.

Демографиялық тәсіл – миграцияны халықтың ұдайы өсіп-өнуі және адам популяциясының сақталуы, оның саны, жастық-жыныстық құрамы тұрғысынан қарастырады, негізгі назарды халықтардың демографиялық қауіпсіздігіне аударады. (А. Сови, А. Ландри, Ф. Ноутстейн, Д. И. Валентей, А. Я. Кваша, Б. С. Хорев және т.б.).

Тарихи тәсіл – әр түрлі мемлекеттердегі, аймақтардағы миграциялық қозғалыстарды, миграция саласындағы зерттеу жұмыстарының дамуын қарастырады. (Д. С. Шелестов, В. М. Кабузан, В. А. Ионцев және т.б.)

Психологиялық тәсіл субъектінің миграциялық қимыл іс-әрекетін қарастырады. Соңғы жылдары миграцияны әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандырудың жолы деп тұжырымдайтын еңбектер танымал бола бастады. (В. И. Переведенцев, Т. И. Заславская, В. М. Моисеенко және т.б.).

Философиялық тәсіл – В. И. Вернадский және Л. Н. Гумилев еңбектеріндегі пассионарлық түркі концепциясы негізінде қоғам (этнос) және қоршаған орта арасындағы энергия алмасуы жатыр. Бұл тәсіл өз бастауына ғылымдар еңбектерінен алады. Пассионарлық жеке тұлғаның ғана емес көп жағдайда бүкіл этностың миграциялық қозғалысын айқындайды. Пассионарлық көптеген ғаламдық тарихи оқиғалардың себебін түсіндіреді.

Заңды тәсіл (В. И. Мукомель, Э. С. Паин және т.б.) Мигранттардың әр түрлі құқықтық дәрежелерін анықтау үшін қажет, бұл тәсіл халықаралық және мемлекетшілік құқық нормаларын, және мигранттардың басты құқықтарын сақталуын қарастырады.

Экономикалық тәсіл – ең әмбебап, бірнеше жүз жылдықтан бергі бірталай теорияларды қоса қарастырады. (А. Смит, Т. Мальтус, К. Маркс, Д. Кейнс және т.б.) Бұл тәсіл шегінде миграция еңбекке жарамды халық санының басты реттегіші, квалификация дәрежесіне қарай еңбек ресурстарының қайта бөлу катализаторы, жұмыс күші нарығындағы бәсекелестікті арттырушы, оның қоғам сұраныстарына сәйкес сапалы өзгеруі.

Автор миграциялық қозғалыстың қандай да түрі айтылса да ол экономикалық қажеттіліктен туындайды дейді. Бірақ та бұл миграциялық қозғалыстың барлық түрі экономика ғылымының зерттеу пәні деген сөз емес. Нақты айтқанда жұмыс күшінің миграциясы ғана экономиканың пәні болып табылады.

Әлеуметтік тәсіл, А. И. Кузьмин деректері бойынша мигранттардың жаңа әлеуметтік, мәдени, этникалық ортаға бейімделу проблемаларына басты назарды аударады. Бұл тәсіл шетелдік ғалымдар еңбектері арқасында кең етек жайған.

Әлеуметтік тәсілдің рөліне басқа түсінік Т. Н. Юдинаның «Социология миграции» еңбегінде көрсетілген. Негізгі ой: әлеуметтану интегративті ғылым ретінде арнайы миграцияның әлеуметтік теориясын жасап шығару. Бұл теория миграцияны әлеуметтанудың жеке саласы ретінде қарастыруға көмектеседі.

Бондырев миграцияның философиялық және психологиялық аспектілерін зерттей келе – миграция қажеттіліктен туындаған қоғамдық құбылыс, ол тек адамның мобильділігі арқасында физикалық және виртуалды кеңістікте жүзеге асады. Кейінгі еңбектерінде ол демографтар терминологиясына жүгініп: миграция – индивидтің кеңістікті активтілігі, тұрғылықты жерін ауыстырумен және жаңа территорияның ресурстарын игерумен байланысты.

Миграция Юдинаның әлеуметтік түсінігінде – әлеуметтік қозғалыстар әсерінен белгілі бір әлеуметтік топтардың құрылымы мен мәртебелерінің өзгеріп, ел шекарасынан ұзақ уақытқа орын ауыстыруы. Автор миграциялық үрдістер халықтың әлеуметтік өмірінің барлық салаларына әсер етеді дейді [2, 203 б.].

Бұл мақалада алдымен миграция құбылысының болмысын ашу, бұл түсініктің әр түрлі ғылымдар позициясынан талдау және олардың халық миграциясы зерттеулеріндегі рөлін ашуға сонымен қатар, миграциялық қозғалыстарды сипаттайтын басты концепциялары қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 М.Б. Денисенко, Б.С. Хорев, В.А. Ионцев «Миграциология», МГУ баспасы, 1990 ж., Мәскеу қаласы.

2 Т.Н. Юдина «Социология миграции», Академический портрет, 2006 ж., Мәскеу қаласы.

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ТУРИСТИЧЕСКОГО КЛАСТЕРА В ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

ЕСИМОВА Д. Д.

к.п.н., ассоц. профессор, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

АЙТҚАЛЫҰЛЫ О.

магистрант, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

ЕСИМ А.

студент, ПГУ имени С. Торайғырова, г. Павлодар

На современном этапе мирового развития, индустрия туризма считается одной из самых быстрорастущих и высокодоходных отраслей в мировой экономике. На долю туризма в развитых странах приходится от 10 % до 20 % ВВП. Туризм является одним из основных создателей рабочих мест, создает во всем мире свыше 75 млн рабочих мест во всем мире, обеспечивая занятость, прежде всего, женщин и молодежи, и женщин как в городской, так и сельской местности.

В XXI веке туризм стал значительным явлением, активно влияющим на экономику и устройство многих стран и целых регионов, посредством создания в них больших туристических кластеров, в то время, как в Казахстане отмечается недостойное развитие индустрии туризма [1, с. 218].

М. Портер в своей теории утверждал, кластер – это своего рода группа компаний, географически соседствующих и взаимосвязанных друг с другом и связанных с ними другой группы организации, которые действуют в какой-либо определенной сфере и друг друга взаимодополняют.

Туристические кластеры создаются с целью повышения конкурентоспособности региона на глобальном рынке туризма, полученного за счет синергетического эффекта, от повышения эффективности деятельности предприятий, которые в кластер включены. Туристический кластер, на примере многих стран мира фактически определяет имидж своего региона и, тем самым, влияет и определяет позиционирование региона не только в объеме страны, а, в основном, в мире.

В Казахстане имеются возможности для создания туристических кластеров.

Страна имеет сильную ресурсную базу и производственные ресурсы, расположена в центре Азии, что определяет ее выгодное транспортное и географическое расположение, имеет свою историю, культуру и памятники древности, обладает научным и трудовым и научным потенциалом [2, с. 289].

